

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000/>)
- 2.«Қазақстан Халық Ассамблеясы туралы» ҚР Заңы. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000070/>)
- 3.ҚР Президентінің ҚХА құру туралы Жарлығы. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U000000450/>)
4. «Медиация туралы» ҚР Заңы. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401/>)
- 5.Қазақстандағы этносаясат негіздері. // Қазіргі саяси процестер: ғылыми мақалалар жинағы., Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017, (120-126б.)
6. Төлегенова С. Медиация институты. (<https://assembly.kz/news/mediatsiya-instituty-yntymatasty-mentalitetin-alyptastyru-raly/>)
7. Kassymova G. Eurasian Studies. (<https://orcid.org/0000-0001-7004-3864>)
8. Madiyarova G. Youth and Ethnic Policy.(<https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1500000285>)
9. ҚХА жылдық есебі. (<https://assembly.kz/prochee/aza-stan-khal-y-assambleyasyny-2025-zhyl-a-deyingi-damu-t-zhyrymdamasyn-bekitu-turaly/>)
- 10.ҚР АҚДМ этносаралық мониторинг есептері. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001014/>)
- 11.БҒМ ҒК зерттеулері. (<https://iict.kz/qr-gjbm-gk-aqparattyq-jane-esepteu-tehnologialary-instituty-sjq-rmk-gylymi-kenesi-turaly-ereje/>)
12. «Бір халық-Бір ел-Бір тағдыр» жинағы / жауапты редактор: Қазақстан Халық Ассамблеясы. - Алматы: 2014.(16 б)
13. International Crisis Group Report.(<https://www.crisisgroup.org/>)
14. UNESCO Cultural Harmony Report.(<https://www.unesco.org/en/culture/global-report>)
15. Assembly.kz. (<https://assembly.kz/>)

АССАМБЛЕЯ - БЕЙБІТШІЛІК БЕСІГІ

Ибрашева Т.Т.

Ғылыми жетекшісі: оқытушы Мұстафин Е.Е.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қарағанды қ.

mustafin_yerkebulan@mail.ru

Біздің халқымыздың асыл мұраты-тұрақты экономикасы бар тиімді мемлекет және прогрессивті құндылықтары бар әділ қоғам құру. Отанымыздың стратегиялық мүдделеріне қалтқысыз қызмет ету мақсатында барлық этностар мен конфессиялар өкілдерінің жалпыұлттық бірігуінің маңызы зор.

Қ.К. Тоқаев

Жер бетіндегі кез - келген мемлекеттің дүниеге келуін - діні, тілі, ұлты бір адамдардың бір тудың астына шоғырлануы деп қабылдаймыз. Алайда, өткен күндерден таңбаланып жеткен қарт тарихтың қойнауына көз жүгіртсек, ұлы мемлекеттердің қалыптасуы көп жағдайда бір ұлттан ғана емес, бірнеше ұлт өкілдерінің бірігуі арқылы дүниеге келгендігіне көз жеткіземіз.

Ешкімге дау тудырмайтын шындық қазақ мемлекетін құраушы халықтың негізі - қазақтар. Ал, әріге көз жіберсек, қабырғалы қағанатымыздың құрамына еніп, біте қайнасып кеткен түбі бір туысқан (перманентті) сарт, ноғай, татар, өзбек, қырғыз, моңғол, карақалпақ, түрік секілді өзге ұлттардың да өзіндік үлесі бар екендігін мойындауымыз керек. Бұл ақиқат дәуірлер белесіндегі аласапыран, қилы кезеңдердегі түрлі оқиғалармен тікелей байланысты.

Аллаға шүкір, бүгінде қазақ елі ата - бабалардың арманы болған арайлы азаттықтың ордалы отыз жылдығынан асып, қырқыншы жылдарына да қадам басты. Осы жылдар аралығында жас мемлекетіміз өзінің қалыптасуы жолында бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді негізгі темірқазық етіп ұстанды. Оған қиын - қыстау замандарда жат елдің баласын бөтенсінбей бауырына басқан қазақ халқының ата шаңырағында 130 дан астам өзге ұлттар мен этностар өкілдерінің болуы басты себеп еді. 130 өзге ұлт... Ойланып, түпкі байыбына барған адамға аз халық емес. Кейде бір ата - ананың құрсағынан шыққан ағайынды жандардың ауызбіршілігіне алауыздық кіріп, безбүректікпен қастық қылғанына да куә болып жүрміз. Бұл жерде дана Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейтін асқақ мұраты туралы айту тіпті қисынсыз. Бір ананы тел емген туғандардың туыстықтың туын туырлық ететін адам сенгісіз әрекетін көргенде, тілі мен діні, салт - санасы әрқилы 130 ұлтты ынтымақты ымыраға қалай шақырса керек. Оның үстіне біздің еліміз телегей теңіздердің ортасында жатқан арал емес, керсінше ғаламның ең бір күрделі аймағының кіндігінде жатқан ел. Күтпеген жерден

ұлттық жанжалдан бөлек, діни экстремизм мен халықаралық терроризмнің тұтанып кетуі де ғажап емес еді [2,89 б].

Осынау жібектің жібіндей көзге көрінбесе де салмағы ертеңгі болашаққа түсетін дүние тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған билік басындағы елжанды азаматтардың басты мәселесі болғандығы белгілі. Бұл 1991 жылы ел Тәуелсіздігі жарияланған уақыттан соң 1 жыл өткенде Қазақстан халқының бірінші форумында Қазақстан халқы ассамблеясын құру туралы идеяны көтеруіне негізгі түрткі болады. Айтулы бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың алтын көпіріне айналып, этносаралық қатынастарды реттеу мен дамыту мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін әлемдік тәжірибедегі тың бағыт еді. Сондай - ақ, мұндай жан - жақты парасатты пайымдаудан туған саясат мыңдаған жанның берекелі баспанасы, ат байлар атамекені болып үлгерген жас мемлекеттің полиэтносты, поликонфессиялық тұрғысында ілгері дамуының даңғыл жол ашты.

Сонымен, 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган - Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды. Оның төрағасы болып елбасының өзі бекітілді.

Бүгінгі күні ордалы 30 жылдық мерейлі тойын атап өтіп жатқан Қазақстан халқы ассамблеясы еліміздегі әрбір этностың мүддесін қорғап ғана қоймай, олардың қазақ халқына деген құрметін арттыратын қоғамдық бірлестік әрі полиэтносты Қазақстан халқын топтастырушы институт ретінде қалыптасты. Егемен еліміздің алғашқы астанасы Алматы қаласында өткен Ассамблеяның 1-ші сессиясында әрбір аймақтарда кіші ассамблеялар құрылып, оларға делегаттар сайланып, ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдері енгізілді. Алғашқы сессиясында жасаған баяндамасында Тұңғыш Президент Н. Назарбаев «Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының басқа да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп - тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез - келген тарихи кінә артуларға жол бермеуі тиіс.» деген болатын.

Шынында тоталитарлық саясат аясында және пролетарлық интернационализм туы астында күшпен көшірілген халықтар, адам құқықтарын өрескел аяққа таптаған геноцид фактілері, шаруалық отарлау мен соғыстан зардап шеккен босқындар құқығы демократия салтанат құрған мемлекетте бұзылмауы аса маңызды еді. Бұл жағдайлардың толықтай жүзеге асуына бір жағы сұңғыла жүргізілген ұлттық саясат пен қазақия жұртының ұлаң - ғайыр даласындай кең пейілі мен ізгі мейірі үлкен көмегін тудырып келді.

Ассамблея құрамындағы ұлттар мен ұлыстардың қазақ мемлекетіне деген сенімі республикалық саяси істерге деген көзқарастар мен пікірлерімен санасуы арқылы да жүзеге асқандығын ұмытпауымыз керек. Себебі, Қазақстан халқы ассамблеясының көтерген бастамалары әркез үлкен қолдауларға ие болды. Мәселен, Ассамблея құрылған жылы ақ, Президент өкілеттілігіне байланысты жалпыхалықтық референдум өткізу туралы бастама көтерді. Осыдан кейін айбынды Ата Заңымыз Конституцияның қабылдануына да үлкен қолдау білдірді. Мұндай маңызды қоғамдық бастамадан кейін іс жүзінде ассамблея көпұлтты Қазақстан халқын топтастыратын белсенді қоғамдық институтқа айналды. Бейбітшілік пен келісімнің алтын бесігі атанған Ассамблея мүшелерінің еселі еңбектерінің нәтижесінде Қазақстандағы этностар мәдени - әдеби өмірлерін қайта жандандырып, салт - дәстүрлері мен өнеркті өнерлерін насихаттауларына кең мүмкіндік алды. Сонымен қатар, этникалық топтар арасындағы ұйымдастыру жұмыстарының күретамыры саналып, этномәдени орталықтардың мәселелері жедел шешімін тапты.

Тереңнен тамыр тартып, жүректі ақылға билеткен адамға толеранттылық - үлкен құндылық. Бейбітшілікке жетудің сан алуан жолы бар. Бағзы заманда бір билеуші «Біз бейбітшілікке, тіпті, бұл үшін соғысуымызға тура келсе де, қол жеткіземіз» деп айтқан екен. Соғыса жүріп тапқан бейбітшіліктің бағасы да көк тиын емес пе?. Досына жұмсақ, дұшпанына да әділ бола білген алаш баласы ғасырлар ғұламасы Әбу - Насыр, әл - Фарабидің «Әділдік пен теңдік болмаған жерде бақыт туралы айту қисынға келмейді» деген саф алтын сөзін санасынан өшірмесе керекті. Бұнымен қоса, Нидерландының Гаага қаласындағы Бейбітшілік сарайындағы «Бейбітшілікті қаласаң - әділдікті сақта» деп жазуы ойлы адамды бейжай қалдырмайды ғой [4,52 б].

Сондықтан әділдік - бейбітшіліктің тірегі болғанда, тепе - теңдік пен турашылдығы ту еткен бейбітшілік қандай да бір мемлекеттің бағалы байлығы саналатынына бір мысқал да күмән жоқ. Мұндай қисапсыз қазынаға біз тәу етер тәуелсіздігіміздің 35 жылында қол жеткізе алдық деп ауыз толтыра айта аламыз. Енді көздің қарашығындай күтіп, қастерлі бойтұмарымыздай аялауымыз қажет. Себебі, ақпарат айдыны тосқауыл бермес үлкен жылдамдықпен аққан жаңа дәуірде елді іштен арандату, арам пиғылдағы адастырушы жаңалықтар тарату белең алып жатқандығы жасырын емес. Қуантарлығы ішкі саяси тұрақтылығынан бөлек, Қазақстан - Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа жол бермеген жалғыз ел. Бүгінде бейбіт аспан астындағы ардақты Отанымызда 11 - тілде жастарға тәлім беретін мектептер жұмыс істеп, әр балаға ана тілінен бөлек ортақ

қазақ тілінің де үйренуіне негіз болуда. Ал, адамның ішкі наным - сенімінен туындайтын дін мәселелі де мейлінше еркіндік алған. Нәтижесінде мемлекетімізді әр түрлі діни сенім өкілдері, ғибадат ғимараттары татулыққа негізделген бағытта жұмыс жасауда.

Әрине, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап бүгінгі жаңа Қазақстан кезеңі аралығындағы отыз жылдан астам уақытта мыңдаған өзге ұлт өкілдері өздерінің тарихи Отандарына оралды. Алайда, қазақ халқының өзге жандарға деген ізгі ілтипаты мен Ассамблея ұйымының белсенді еңбектері олардың Қазақстан мемлекетін жүрек түкпірлерінде сақтап, ұлтымызға деген құрметін арттыруда айрықша көмегін тигізді. Осыдан 22 жыл бұрын Қазақстаннан көшіп кеткен жазушы Леонид Данилович Кривошеков бір жазбасында «Бір кездері маған туған Қазақстанымнан көшіп кетемін - ау деген ой келмеген еді. Өйткені, бұл мен өзімнің дүниеге келгенім үшін ғана қарыздар болатын жер емес. Бұл одан әлдеқайда үлкен ұғым. Отандастардың, адамдардың сан алуан үндегі, әр қылы бейнедегі ұлы туыстығы ажырағысыз бірлікте тұрып жатқан жерде мен өз тағдырымды шығармашылықпен байланыстырдым. Менің рухани тамырларым, менің бастауларымның бастауы - Қазақстанда» - деп тебірене жазған екен. Тәңірінің маңдайын жазған ғұмырының қуатты да шуақты шақтарын қазақ топырағында өткізген адамның бұлай толғанбасына амал жоқ. Мұның бәрі мемлекеттің ұлттық саясаты тиімділігінің аңыздық емес, өмірлік шындықтары.

Қорыта айтқанда даналарымыз айтқандай «Бірлік - түбі тірлік». Талантты ақын Қадыр Мырза Әлі айтқандай қазақ халқы «Қарасын ба, ақсын ба, қоңырсын ба, жатырқауды білмейтін» ел. Мұны әрбір «тар жол тайғақ кешу кезеңдерінің сынақтары сан мәрте дәлелдеген. Тек, жалған патриотизм арқылы өздерінің қитұрқы әрекеттерін жүзеге асырғысы келетін топтардан сақ болған жөн. Өткен ғасырдағы итальян саясаткері Кавурдың сөздерін өзгертіп айтқанда «Біз гүлденген жаңа Қазақстанды жасадық, енді нағыз патриоттардан құралған қазақстандықтарды жасауымыз керек». Әрине ол үшін жалынды жазушы М. Мағауиннің повесіндегі «бір атаның балаларындай» бір шаңырақтың астындағы түрі бөлек тілегі бір, ұлты бөлек жүрегі бір бауырларымызбен береке - бірлікте, ыдырамас ынтымақта, тұғыры биік татулықта болуымыз қажет. Ал, бұл жұмыстардың жүзеге асуында бейбітшіліктің қастерлі бесігіндей бағасы бар Қазақстан Ассамблеясының мән - маңызы аса айрықша бола бермек [1,36 б].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев, «Қазақстан халықтарының ассамблеясы 10 жыл» - Астана «Елорда»
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия /Ә. Нысанбаев - Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 1998 жыл
3. С.Құсайынов «Қазақстан - қарашаңырағым». - Арна. Алматы, 2015.
4. Ж.Түймебаев «Тәуелсіз Қазақстан: бейбітшіліктің, келісімнің және жасампаздықтың 30 жылы. - «Издательство Золотая книга» ЖШС, 2021ж. - 320б.
5. «Астана Ақшамы» газеті № 24, 1 наурыз 2025, Ассамблея жылнамасына арналды.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ: АССАМБЛЕЯ, ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БІРЛІК ФЕНОМЕНИ

Нургелдиева Г.

Ғылыми жетекшісі: оқытушы Мұстафин Е.Е.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қарағанды қ.

mustafin_yerkebulan@mail.ru

Қазақстан - этносаралық келісімді жүйелі түрде дамыта білген, көпэтносты тұрақтылық моделін қалыптастырған мемлекет. Қоғамдағы келісім, мәдени көптүрлілікті сақтау және азаматтық бірлікті нығайту - еліміздің саяси бағытының негізгі өзегі. Бұл бағыттың орталық институты ретінде 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) этностар арасындағы өзара сенімді, тең құқықтылықты және тұрақтылықты қамтамасыз етуде тарихи рөл атқарды.

Тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңінен бастап Қазақстан этносаралық саясатты ұлтаралық татулық пен толеранттылыққа негіздеп жүргізді. Қазіргі таңда елде 130-дан астам этнос өкілдері тұрады, олардың барлығы Конституциялық деңгейде бірдей құқықтарға ие. Ассамблея осы принциптің орындалуын қамтамасыз ететін ерекше мемлекеттік институт болып табылады [1, 24 б].

Қазақстан халқы Ассамблеясы - Мемлекет пен қоғам арасындағы диалог алаңы ғана емес, Нұрсұлтан Назарбаевтің бастамасымен құрылған ел дамуының стратегиялық құралдарының бірі.